

Әскери қызметшілерге кооперативтік тұрғын-жай, жеке тұрғын үй салуға өтемсіз қаржы көмегін көрсету тәртібі және осы мақсатқа бөлінген ақшалай қаржының нысаналы түрде пайдаланылуын бақылау туралы нұсқауды бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қарашадағы N 1207 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 1091 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.28 N 1091 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әскери қызметшілерге кооперативтік тұрғын-жай, жеке тұрғын үй салуға өтемсіз қаржы көмегін көрсету және осы мақсатқа бөлінген ақшалай қаржының нысаналы түрде пайдаланылуын бақылау тәртібі туралы осыған қосылған нұсқау бекітілсін.

2. Осы Нұсқау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі әскерлерінің, Республика ұланының және басқа әскери құрамаларының әскери қызметшілеріне қолданылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қарашадағы
N 1207 қаулысымен

Бекітілген

Әскери қызметшілерге кооперативтік тұрғын-жай, жеке тұрғын үй салуға өтемсіз қаржы көмегін көрсету тәртібі және осы мақсатқа бөлінген ақшалай қаржының нысаналы түрде пайдаланылуын бақылау туралы

Нұсқау

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері, мекемелері, әскери оқу орындары, кәсіпорындары мен ұйымдары офицер құрамындағы

адамдарға шарт бойынша қызмет атқарып жүрген прапорщиктерге өз қызметін үзіліссіз және мінсіз атқарып жүрген мерзімнен тыс әскери қызметшілерге, сондай-ақ жасына, науқастануына, денсаулығының шектеулі болуына, штаттың қысқаруына байланысты әскери қызметтен босаған 10 күнтізбе жылдан 15 күнтізбе жылға дейін қызмет өткерген адамдарға - кооперативтік тұрғын-жай құнының немесе Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексінде көзделген жалпы тұрғын алаң нормалары шегінде жеке тұрғын үй салу үшін алған банк несиесі мөлшерінің 30 проценті, 15 күнтізбе жылдан 20 күнтізбе жылға дейін - 50 проценті, 20 күнтізбе және одан да астам болса - 100 проценті мөлшерінде өтемсіз қаржы көмегін көрсетеді.

2. Өтемсіз ақшалай қаржы көмегін алу үшін әскери қызметшілер өз командасына, ал запасқа немесе әскери қызметтен мүлде босағандар - әскери комиссардың атына тұрғын үй-құрылыс немесе тұрғын үй кооперативі басқармасының құрылыс аяқталған кездегі нақты шығынын еске ала отырып (тұрғын үй сатып алуға несие берілген жағдайда - берілген несиенің мөлшері және оны өтеу мерзімі туралы банк құжаттары) жеке тұрғын үй құрылысының құнын (берілген тұрғын алаң құнын) айғақтайтын анықтамасын немесе басқа құжаттарды, сондай-ақ өтелмеген қарыздың сомасы туралы құжаттарды қоса т і р к е п р а п о р т б е р е д і .

3. Тапсырылған құжаттар және әскери бөлімнің тұрғын үй комиссиясының қорытындысы негізінде кооперативтік тұрғын үйдің құнын немесе банк несиесін төлеу жөніндегі берешекті жартылай (толық) өтеу үшін әскери қызметкерлерге өтемсіз қаржы көмегін көрсету туралы шешімді әскери бөлім командирі қабылдайды және оның бұйрығымен ресімделеді, ал запасқа немесе әскери қызметтен мүлдем босағандарға - тұрғылықты жеріндегі әскери комиссарлар шешеді. Әскери командир (әскери комиссар) бұйрығынан алынған үзінді әскери қызметшінің (запасқа шыққан не әскерден мүлде босаған адамның) жеке ісінің қосымша материалдар бөліміне тіркеледі.

4. Өтемсіз ақшалай қаржы көмегін көрсетуге арналған қаржы Қазақстан Республикасы банкісінің тиісті мекемелеріндегі тұрғын үй-құрылыс немесе тұрғын үй кооперативтерінің есепшотына қолма-қол ақшасыз есеп айырысу б о й ы н ш а а у д а р ы л а д ы .

5. Смета-бюджет тәртібімен қаржыландырылатын әскери бөлімдердің әскери қызметшілеріне өтемсіз көмек көрсетуге байланысты шығындар республикалық бюджеттің осы мақсатқа арнайы бөлінген қаржысы есебінен жасалады. Аталған ақшалай қаржыны үлес беретін қаржы органдары іс жүзінде жасалған шығындар сомасы мөлшерінде, белгіленген тәртіппен табыс етілген талаптама (өтінім) негізінде т а ғ а й ы н д а й д ы .

6. Әскери қызметшіге өтемсіз қаржы көмегі көрсетілгені және оның мөлшері

туралы әскери бөлімнің қаржы қызметі әскери қызметшінің жеке ісіне және оның есеп айырысу кітапшасының 12 бөлімінің "Б" бөлімшесінде мынадай редакцияда жазба түзіледі: "199__ жылғы "___" _____ N _____, _____ әскери бөлім командирінің бұйрығы негізінде кооперативтік тұрғын үй құнын төлеу жөніндегі берешегін өтеуге (жеке тұрғын үй салуға берілген банк несиесін өтеуге) -----
----- сом мөлшерінде өтемсіз қаржы жазбаша көмегі көрсетілді".

Жазба қаржы қызметі бастығының қолымен және әскери бөлімнің елтаңбалы мөрімен айғақталады. Кітапша ауыстырылған кезде әлгі жазба жаңа есеп айырысу кітапшасына көшіріледі.

7. Әскери қызметші Қарулы Күштер кадрынан қызметке сәйкессіздігі бойынша, әскери қызметші атағының беделін түсіретін іс-әрекеті үшін немесе қылмыс жасағаны үшін босатылуына байланысты шығарылған жағдайда оған өтемсіз қаржы көмегі ретінде бөлінген қаржы 5 жылға дейінгі мерзімде соңғы әскери қызмет атқарған әскери бөлімге қайтарылуға тиіс. Бұл жағдайда ақшаны өндіріп алу және мойнына жазып қою кітапшасында (N 35 нысан) әрбір әскери қызметшіге жеке есепшот ашылып, онда қайталауға жататын сома көрсетіледі. Мұндай жағдайда аталған әскери қызметшілердің жеке есепшотына арналып кітабында жеке бөлім белгіленеді.

Қос есеп жүйесімен бухгалтерлік есеп жүргізуші әскери бөлімдерде бұл сом қарыз бойынша N 76 есепшотта "Әртүрлі дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу", ал кредит бойынша N 83 есепшотта "Болашақ кезеңнің кірістері" көрсетіледі.

Аталған мерзімде қайтарылмаған қаржы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өндіріліп алынады.

Сметалық-бюджеттік қаржыландыруда тұрған әскери бөлімдерде қайтарылған қаржы көмегінің сомасы ағымдағы жылдың операцияларына - Қорғаныс министрлігі сметасының қаржы көмегі көрсетілген 5123 бабына - (өтемсіз қаржы көмегі) есептеледі, ал оның алдындағы жылғы операциялар бойынша - N 425 "Бұрынғы жылдың бюджеттік сомалары" (сметалық-бюджеттік қаржыландыруда тұрған және қос есеп жүйесімен есеп жүргізуші әскери бөлімдерде - тиісті есепшотқа) есептеледі және бюджет кірісіне тапсырылады.

8. Офицер құрамындағы адамдар, прапорщиктер және мерзімнен тыс қызметтің әскери қызметшілері, оның ішінде басқа тұрғылықты жерге ауысуына байланысты тұрғын үй-құрылыс немесе тұрғын үй кооперативтерінен шығатындар, үлестік жарнасын ала отырып, өтемсіз қаржы көмегін алған сәттен бастап он жылдық мерзім өткенге дейін өтемсіз қаржы көмегінің сомасын ең соңғы әскери қызмет атқарған әскери бөлімге қайтаруға міндетті.

Егер, әскери қызметшілер, оның ішінде басқа мекен-жайға ауысатындар,

өтемсіз қаржы көмегін алған сәттен бастап онжылдық мерзім өткенге дейін жеке тұрғын үйін сататын болса, онда өтемсіз қаржы көмегі ретінде алған қаржыны олар ең соңғы қызмет атқарған әскери бөліміне қайтаруы тиіс.

9. Аталған қаржыны әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің (мерзімнен тыс әскери қызметшілерден басқа) уақтылы қайтаруын бақылауды пәтерлерді пайдалану және қаржы органдары, ал запасқа шыққан немесе әскери қызметтен мүлде босаған адамдардың қайтаруын - тұрғылықты жеріндегі әскери комиссариаттардың қаржы органдары жүзеге асырады (7-тармақта көрсетілген адамдар үшін) .

10. Әскери бөлім командирлері мен пәтерлерді пайдалану органдары өтемсіз қаржы көмегін алған сәттен бастап онжылдық мерзім өткенге дейін тұрғын үй-құрылыс, тұрғын үй кооперативтерінен шыққан немесе жеке тұрғын үйін сатқан, бірақ тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж әскери қызметшілерге Қорғаныс министрлігі қорынан тұрғын жай беру туралы шешімді олар өтемсіз қаржы көмегін қайтарғанын дәлелдейтін құжаттарды тапсырғаннан кейін қ а б ы л д а й д ы .